

СӨЖ №2.

Тақырып: Жыраулар мен ақындар мұрасының ауыз әдебиетімен байланысы

Мақсаты: Жыраулар мұрасы және қазақ халқының тарихымен танысу.

Сұрақтары:

1. Жыраулар мұрасы
2. Қазақ халқының елдік тарихы

Тапсырма:

«Жырау» деген кім, оның шығармашылық ерекшеліктеріне назар аударыңыз. Жыраулар поэзиясының тарихтағы орны, әдебиеттегі орнына тоқталыңыз. Аталмыш тақырыпты ғалымдар еңбектерінен жинақтап, қысқаша талдау, слайд жасау

Тапсырманы орындауға арналған әдістемелік нұсқау: Тапсырманы орындауға арналған әдістемелік нұсқаулық: **Презентация, слайд** – баяндама жасау, белгілі бір тақырып, жобаны игеру кезінде жасалатын жұмыс түрі. Бұл жұмыс түрінің тиімділігі слайд жасау кезінде студент көптеген ресурстарды іздестіреді және де ең тиімдісін қолдануға машықтанады. Әрбір презентация мына шарттарға сәйкес жасалуы керек: алдын-ала оның мақсаты мен мазмұнын белгілеу, әр слайд мәнді және есте қаларлықтай болуы керек, слайдтағы ақпарат қысқа әрі мәнді болуы керек, слайды безендіруде түстерге, дизайнға мән беру қажет.

Есеп беру түрі: Слайдтардың (тірек-схемалардың) көмегімен баяндама жасау. Оқу жетістіктерін бағалау әдісін қолдану.

Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау: 4 апта

Жоғарғы ұпай – 4